

**Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығы
бағдарламаларын іске асыратын жалпы орта және қосымша білім
беру ұйымдары басшыларының Республикалық үйлестіру
кеңесінің кеңейтілген отырысының
ұсынымдары**

2015 жылғы 20 ақпан

Астана қ.

Интеллектуалдық капитал, еңбек адамы, инновациялық ойлау жаңа Қазақстанның басты құндылықтары болып табылады. Оларды Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына жолдауында белгіленген стратегиялық бағытымен үйлестіру қажет.

Жаңа жағдайда мектептік білім беру аясындағы іске асырылмайтын салаларда балалардың танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру қызметі ауқымды болып тұр.

Формалды білім берудің шамасынан шығатын басқа әлеуметтік институттардың мүмкіндіктерін пайдалану қажет.

Балалар мен жастардың дамуы мен өзін-өзі іске асыру құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылық-педагогикалық, әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік іс-шаралар кешені енгізілген балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылық жүйесін дамыту қажеттілігі туындайды.

Жаңа кезеңдегі балалар мен жастардың техникалық шығармашылығы қазіргі техника саласындағы өздігінен жоспарлайтын және өндірістік-технологиялық, ұйымдастырушылық-басқарушылық, ғылыми-зерттеушілік, педагогикалық және жобалау-құрылымдық қызметтерді іске асыратын мамандарды дайындайтын катализатор болуы тиіс.

Үйлестіру Кеңесіне қатысушылар балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамытуға байланысты ауқымды мәселелерді талқылап келесі ұсынымдарды әзірледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірге:

- Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы қосымша білім беру жүйесін дамытуға, оның ішінде техникалық шығармашылықты дамытуға қатысты қосымшаларды енгізісін;

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша өңірлік отандық және шетелдік тәжірибені зерделесін;

- қосымша білім беруді дамыту, оның ішінде балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын насихаттау жөнінде жүйелі түрде ақпараттық-насихаттау жұмысын жүргізісін;

- бюджеттік қаражатты және қазақстандық заңнамаларға қарсы келмейтін басқа да қаражатты пайдалану арқылы техникалық бағыттағы қосымша білім беру педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесін жетілдірсін;

Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігіне:

- Мемлекет басшысының 2014 жылғы 7 қазандағы №3594-2 тапсырмасын орындау аясында Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған жоспарымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірге балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту жөнінде кешенді іс-шараларды іске асыруға ықпал етсін;

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамытуға бизнес-қауымдастықтарды, үкіметтік емес

ұйымдарды, кәсіптік мекемелерді, кәсіпорындарды қатыстыруға ықпал етсін.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (Әкімшілік полиция комитеті) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірге:

- кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша ювеналды әділет жүйесін жетілдіру арқылы жұмысты жүргізісін;

- кәмелетке толмағандармен профилактикалық, әлеуметтік-оңалту жұмыстары және девиантты мінез-құлықты балалардың бос уақыттарын ұйымдастыруға ықпал етуге бағытталған іс-шаралар бойынша ақпарат алмасу арқылы жұмыс жүргізісін;

- кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың профилактикасы және өңірлерде қосымша білім беру жүйесін дамыту сапасы бойынша жағдайға кешенді талдауды жүйелі түрде жүргізісін.

Жергілікті атқарушы органдарға:

- Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамытудың 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді іске асыру арқылы кешенді іс-шараларды әзірлеу бойынша отырыстар, дөңгелек үстелдер өткізісін;

- Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған өңірлік жоспарларды әзірлесін (2015 жылғы наурыз);

- балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту бойынша ведомствоаралық әрекеттесуді ұйымдастырып, әлеуметтік серіктестікті дамыту бойынша мәселелерді анықтасын.